

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің көтермелеу түрлерін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 12 желтоқсандағы N 1159 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 15 қантарда N 1361 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 373-к Бұйрығымен

***Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007.11.20. N 373-к Бұйрығымен.***

1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес және білім беру мен ғылым саласындағы қызметкерлерді көтермелеу және моральдық ынталандыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мынадай көтермелеу түрлерін бекітілсін:

"Қазақстан Республикасының білім беру құрметті қызметкери" төске тағатын белгісі;

"Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірген еңбегі үшін" төске тағатын белгісі;

"Ы. Алтынсарин" омырауға тағатын белгі;

Құрмет грамотасы;

Алғыс.

***Ескерту: 1-тармақта толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 27 шілдедегі N 652 бұйрығымен .***

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің көтермелеу тәртібі туралы ереже бекітілсін.

3. Заң бөлімі (М.М.Күзембаев) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткізілген кезден бастап қүшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-Министр Е.М. Арынға жүктелсін.

*Министр*

Қазақстан  
және  
ғылым

Республикасы

Білім

министрлігінің

2000

жылғы

12

желтоқсандасы

N 1159 бүйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігінің көтермелес тәртібі туралы  
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) көтермелес тәртібі туралы ережесі "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының негізінде әзірленді.

2. Көтермелес білім беру және ғылым салаларындағы проблемаларды шешетін білім беру жүйесі мен басқа да ұйымдар қызметкерлерінің еңбегін ынталандырудың нысаны болып табылады.

3. Білім беру ұйымдары еңбектегі табыстары үшін қызметкерлерді көтермелесудің әр түрлі түрлерін қолдануға құқылы. Көтермелесудің түрлері мен тәртібі жеке еңбек және ұжымдық шарттар мен, білім беру ұйымдарының кесімдерімен белгіленеді.

### 4. Министрліктің көтермелесуі:

"Қазақстан Республикасының білім беру құрметті қызметкері" төске тағатын белгісімен (1-қосымша);

"Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірген еңбегі үшін" төске тағатын белгісімен (2-қосымша);

Министрліктің Құрмет грамотасымен марапаттау;

"Ы. Алтынсарин" омырауга тағатын белгісімен марапаттау" (3-қосымша);

Министрліктің Алғысын жариялау болып табылады.

**Ескерту: 4-тармақта толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 27 шілдедегі N 652 бүйрығымен .**

5. Төске тағатын белгі кеуденің оң жағына Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан төмен тағылады.

6. Төске тағатын белгімен қайта марапаттау жүргізілмейді.

**2. "Қазақстан Республикасының білім беру құрметті қызметкері" төске тағатын белгісімен марапаттау шарттары**

### 7. Төске тағатын белгімен:

оқу процесіне сабакты ұйымдастыру мен өткізуіндің белсенді нысандары мен әдістерін, білімді бақылау мен жаңа интерактивті технологияларды енгізген, оқушылардың, тәрбиеленушілер мен студенттердің өз бетінше дамуын, олардың өз бетінше оқуын қамтамасыз еткен;

білім алушыларды, студенттерді, аспиранттар мен олардың шығармашылық

белсенділігін дамытудағы табыстары;

білім алушылардың ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық қызметіне жетекшілік жасаудағы табыстары;

аймақтық, республикалық, халықаралық білім беру және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардағы жетістіктері;

білім берудің өзекті мәселелері жөніндегі зерттеулері;

оқытушы кадрларды даярлауға, олардың педагогикалық және ғылыми біліктілігін арттыруға, білім беру жүйесі мамандарын қайта даярлауға сіңірген еңбегі ;

окулық әдебиетті әзірлеудегі және оқу-құралдары мен жабдықтарын ендірудегі табыстары ;

қаржы-шаруашылық қызметін үйымдастырудың, білім беру үйымдарының материалдық-техникалық және эксперименттік-өндірістік базасын дамыту мен нығайтудағы табыстары үшін үздік қызметкерлер марапатталады.

*Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 27 шілдедегі N 652 бүйрығымен .*

8. Төске тағатын белгімен білім беру үйымдарында кемінде 10 жыл жұмыс істеген және жоғары немесе бірінші біліктілік санатына (педагог қызметкерлер үшін) ие қызметкерлер марапатталады.

**3. "Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" төске тағатын белгісімен марапаттау шарттары**

9. Төске тағатын белгімен:

отандық ғылым мен техниканы әлемдік жетістіктер деңгейіне шығаруға ықпал еткен іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы маңызды нәтижелері ;

ғылымның, техника мен мәдениеттің басым бағыттары бойынша халықаралық, республикалық, аймақтық және басқа да ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асырудың жетістіктері;

жаңа және қолда бар техника мен технологияларды жасау мен жетілдіруге ірі үлес қосқан енергетабыстары ;

улken практикалық маңызы бар жаңа технологиялар әзірлегені;

ғылым мен мәдениеттің қазіргі жетістіктеріне сәйкес ғылыми-зерттеу процесін үйымдастыру мен жетілдірудегі елеулі табыстары;

білікті ғылыми кадрлар даярлаудағы жоғары жетістіктері;

қаржы-шаруашылық қызметінің ғылыми саласын басқаруды үйымдастырудың, ғылымның материалдық-техникалық және эксперименттік-өндірістік базасын дамытудағы жоғары жетістіктері үшін үздік қызметкерлер марапатталады.

10. Төске тағатын белгімен ғылыми мекемелерде кемінде 10 жыл (ғылыми қызметкерлер үшін) жұмыс істеген қызметкерлер марапатталады.

**3-1. "Ы. Алтынсарин" омырауға тағатын белгісімен марапаттау шарттары"**

*Ескерту: 3-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 27 шілдедегі N 652 бүйріғымен .*

10-1. Білім беру органдары мен ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері омырауға тағатын белгімен:

білім беру және тәрбие процестерін ұйымдастырудың және жетілдірудегі, оқыту мен тәрбиенің біртұастығын қамтамасыз етудегі, білім беру мен тәрбиелеу бағдарламаларын іске асырудың айтарлықтай табыстары үшін;

оқушыларды, тәрбиеленушілерді практикалық даярлауды, олардың шығармашылық белсенділіктерін дамытудың табыстары үшін;

облыстық (аудандық), республикалық, халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларындағы жетістіктері үшін марапатталады.

10-2. Омырауға тағатын белгімен тікелей білім беру органдары мен ұйымдарында 10 жылдан кем емес жұмыс стажы бар қызметкерлер марапатталады.

**4. Министрліктің Құрмет грамотасымен марапаттау шарттары**

**11. Құрмет грамотасымен:**

ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру жөніндегі үлken және жемісті жұмысы;

білім беру мен тәрбие процестеріне жаңа технологиялар, оқытудың нысандары мен әдістерін енгізгені, оқу мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз еткені;

іргелі және қолданбалы ғылымның өзекті проблемалары, оның ішінде білім беру проблемалары жөніндегі ғылыми зерттеулер дамытқаны, аймақтық, республикалық, халықаралық білім беру және ғылыми-техникалық бағдарламалары мен жобалардағы жетістіктері, ғылымның, техника мен мәдениеттің басым бағыттары бойынша аймақтық жоғары оқу орындары арасындағы бағдарламаларды іске асырғаны;

оқушыларды, тәрбиеленушілерді, студенттер мен тыңдаушыларды практикалық даярлауды, олардың шығармашылық белсенділігі мен дербестігін дамытудағы табыстары;

оқытудағы елеулі табыстары;

жоғары білікті мамандарды практикалық даярлауда, материалды техникалық базаны нығайтуда білім беру үйымдарына көрсеткен тұрақты және белсенді көмегі үшін үздік қызметкерлер марапатталады.

12. Құрмет грамотасымен білім беру және ғылым үйымдарында кемінде 5 жыл (ғылыми және педагог қызметкерлер үшін) жұмыс істеген қызметкерлер марапатталады.

## 5. Министрліктің Алғысын жариялау шарттары

13. А лғыс :

Министрлік немесе білім беруді басқару органдары үйымдастырған жекелеген, біржолғы іс-шараларды (конкурстар, олимпиадалар, байқаулар, көрмелер және т.с.с.) откізгені;

Министрлік департаменттерінің атаулы тапсырмаларын жоғары деңгейде орындағаны ;

еңбек, оқу, тәрбие және әкімшілік қызметтеріндегі табыстары үшін үздік қызметкерлерге жарияланады.

## 6. Марапаттау материалдарын ұсыну мен қарау тәртібі

14. Марапаттау туралы материалдарды Министрліктің Әкімшілік департаментінің Кадр және арнаулы жұмыс басқармасы ұсынады және ресімдейді.

15. Марапаттау туралы өтініште үміткердің сіңірген еңбегінің мәні мен дәрежесін ашып көрсететін нақты белгілері, жетістіктері мен табыстары көрініс табуы керек.

16. Өтініш білім беру үйымы кеңесінің (педагогикалық, ғылыми кеңес, алқа) мәжілісінде бастамашылық тауып, қаралады және егер де мәжіліске кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 қатысып ол үшін қатысушылардың жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептелінеді.

17. Ғылыми және республикалық білім беру үйымдары Министрліктің Кадр және арнаулы жұмыс басқармасына ғылыми (педагогикалық), кеңестің (алқаның) шешімінен көшірмені марапаттау туралы өтінішке қоса тікелей ұсынады.

18. Білім беру жүйесінің үйымдары кеңес (алқа) шешімінен көшірмені аудандық, қалалық білім беру бөліміне әрбір үміткер бойынша марапаттау туралы өтінішке қоса ұсынады .

Оз кезегінде аудандық, қалалық білім беру бөлімі марапаттау туралы өтінішті қарағаннан кейін облыстық, Астана, Алматы қаласының білім басқармасына (департаментіне) жібереді .

Қызметкерге жазылған марапаттау материалдары облыстық, Астана, Алматы қаласының білім басқармасының (департаментінің) алқасында қаралады және Министрліктің Кадр және арнаулы жұмыс басқармасына ұсынылады.

19. Басқа министрліктің, ведомство немесе мемлекеттік емес ұйымның қызметкері марапаттауға ұсынылған жағдайда өтініш ұжымның жалпы жиналысында қаралады, егер ол үшін қатысуышылардың жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Марапаттау туралы материалдар (14-тармақ) бағыныстырығы бойынша министрліктерге, ведомстволарға және ұйымдарға жіберіледі, олар оны Министрліктің Кадр және арнаулы жұмыс басқармасына ұсынады.

## 7. Қорытынды ережелер

20. Төске тағатын белгіні және оған тиісті күәлікті, сондай-ақ Құрмет грамотасын тапсыру Министрдің атынан салтанатты түрде марапатталушының жұмыс орны бойынша жүргізіледі.

21. Қызметкердің еңбек кітапшасына және жеке іс-қағазына марапаттау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетілген тиісті жазу енгізіледі.

22. Көтермелебудің кез келген түрін жоғалтып алған жағдайда, оны сақтап қалудың мүмкіндігі болмай қалғанда, марапатталушыларға дубликаттар берілуі мүмкін.

Қазақстан	Республикасы	Білім
және	ғылым	министрлігінің
2000	жылғы	12
N	1159	желтоқсандағы
Қазақстан	Республикасы	Бекітілген
және	ғылым	Министрлігінің
көтермелей	тәртібі	туралы
ережесіне 1-қосымша		
<b>"Қазақстан</b>	<b>Республикасының</b>	<b>білім</b>
<b>қызметкері"</b>	<b>төске тағатын белгісінің сипаттамасы *</b>	<b>берау</b>
		<b>құрметті</b>

Белгі мөлшері 25x15 мм болатын көгілдір лентамен көмкерілген кермеге бекітілген диаметрі 28 мм қалындығы 2 мм дөңгелек түрінде жасалған.

Белгінің нақ ортасында ашулы кітап бейнеленген, шеңбердің оң жақ бөлігіне ла в р ж а п ы р а ф ы қ о й ы л ф а н .

Белгінің қарсы бетінде "Қазақстан Республикасының білім беру құрметті қызметкері" деген мемлекеттік тілде жазылған жазу бар.

Белгі мыс пен никель қорытпасынан жасалады.

*Ескерту: \* "Қазақстан Республикасының білім беру құрметті қызметкері" төске тағатын белгісін қағаз мәтіннен қараңыз.*

Қазақстан	Республикасы	Білім
және	ғылым	министрлігінің
2000	жылғы	12
N	1159	желтоқсандағы
		бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің көтермелеге тәртібі туралы ережесіне 2-қосымша  
"Қазақстан Республикасының ғылыми дамытуға сінірген еңбегі үшін" төске тағатын белгісінің сипаттамасы \*  
Белгі мөлшері 25x15 мм болатын көгілдір лентамен көмкерілген кермеге бекітілген диаметрі 28 мм қалындығы 2 мм дөңгелек түрінде жасалған.

Белгіде ортасында көне "Мәңгілік" белгісі орналасқан сегіз бұрышты белгі бейнеленген.

Белгінің қарсы бетінде "Қазақстан Республикасының ғылыми дамытуға сінірген еңбегі үшін" деген мемлекеттік тілде жазылған жазу бар.

*Ескерту: \* "Қазақстан Республикасының ғылыми дамытуға сінірген еңбегі үшін" төске тағатын белгісін қағаз мәтіннен қараңыз.*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
көтермелеге түрлерімен марапаттау ережесіне  
3-қосымша

*Ескерту: 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 27 шілдедегі N 652 бүйрекімен .*

#### **"Ы. Алтынсарин" омырауға тағатын белгісінің сипаттамасы**

"Ы. Алтынсарин" омырауға тағатын белгісі 32 мм. диаметрінде, қалындығы 2 мм, мыс пен никель қорытпаларынан мерейтойлық медаль түрінде жасалған.

Аверсте (медальдің беткі жағында) Ы. Алтынсарин бейнеленген.

Бейнеден төмен "Ы. АЛТЫНСАРИН" жазуы.

Реверсте (медальдің сыртқы бетінде) мемлекеттік тілде "Педагогикалық қызметтегі табыстары үшін" деген сөздер жазылған. Медальдің беттері тегіс келген .

Медаль көкшіл лентамен қапталып, ұзындығы 15 мм және ені 25 мм планкаға бекітілген.

*Медаль суретін қағаз мәтіннен қараңыз*